

Ақмола облысында жеке меншікте болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлерін белгілеу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2007 жылғы 6 шілдедегі № а-7/243 қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының 2007 жылғы 6 шілдедегі № 3С-28-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 8 тамызда № 3233 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 50 бабының 3 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Ақмола облыстық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Ақмола облысы әкімдігінің 2010.04.06 № А-4/107 қаулысымен және Ақмола облыстық мәслихатының 2010.04.06 № 4С-23-8 шешімімен.

1. Ақмола облысында жеке меншікте болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлері осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Аудандар мен қалалар әкімдіктері осы бірлескен шешімнің 1 тармағында көрсетілген мақсаттар үшін жер учаскелерін беруді елді мекендер құрылысының бас жоспарлары мен схемаларына сәйкес жүзеге асырсын.

3. Осы Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облысы әкімдігінің 2010.04.06 № А-4/107 қаулысымен және Ақмола облыстық мәслихатының 2010.04.06 № 4С-23-8 шешімімен.

*Ақмола облысының әкімі
Ақмола облыстық
мәслихаты сессиясының
төрағасы*

М.Есенбаев

*Ақмола облыстық
мәслихатының хатшысы*

Қ.Құрманов

А.Жазин

Ақмола облысы бірлескен
әкімдігінің 2007 жылғы
6 шілдедегі № а-7/243
қаулысы мен Ақмола облыстық
мәслихатының 2007 жылғы
6 шілдедегі № 3С-28-6 шешіміне
қосымша

Ақмола облысында жеке меншікте болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлері

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы әкімдігінің 06.09.2019 № А-9/424 қаулысымен және Ақмола облыстық мәслихатының 06.09.2019 № 6С-37-3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 13.12.2022 № А-12/603 және Ақмола облыстық мәслихатының 13.12.2022 № 7С-23-5 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы және шешімімен.

№	Аудандар мен қалалар атауы	жеке тұрғын үй құрылысы үшін (соның ішінде 0,10 гектар тегін)	бағбандық үшін (соның ішінде 0,12 гектар тегін)	өзіндік қосалқы шаруашылық (үй маңындағы және егістік телімдерді қоса алғанда) жүргізу үшін	
				суарылмалы жерлер (оның ішінде 0,15 гектар тегін)	суарылмайтын жерлер (оның ішінде 0,25 гектар тегін)
1	Көкшетау қаласы	0,10	0,12	-	-
2	Қосшы қаласы	0,10	0,12	-	-
3	Степногорск қаласы	0,15	0,12	-	-
4	Ақкөл	0,20	0,24	0,30	0,50
	соның ішінде:				
	Ақкөл қаласы	0,10	0,12	-	-
5	Аршалы	0,15	0,18	0,15	0,38
	соның ішінде:				
	Аршалы кенті	0,10	0,12	0,15	0,25
	Жібек жолы ауылы	0,10	0,12	0,15	0,25
	Жалтыркөл ауылы	0,10	0,12	0,15	0,25
6	Астрахан	0,20	0,24	0,30	0,50
	соның ішінде:				
	Астраханка ауылы	0,10	0,12	0,15	0,25
7	Атбасар	0,20	0,24	0,30	0,50
	соның ішінде:				
	Атбасар қаласы	0,10	0,12	-	-
8	Бұланды	0,20	0,24	0,30	0,50
	соның ішінде:				
	Макинск қаласы	0,10	0,12	-	-
9	Егіндікөл	0,25	0,30	0,38	0,60
	соның ішінде:				

	Егіндікөл ауылы	0,15	0,18	0,22	0,38
10	Біржан сал	0,25	0,30	0,38	0,62
	соның ішінде:				
	Степняк қаласы	0,15	0,18	-	-
11	Ерейментау	0,25	0,30	0,38	0,60
	соның ішінде:				
	Ерейментау қаласы	0,15	0,18	-	-
12	Есіл	0,25	0,30	0,38	0,62
	соның ішінде:				
	Есіл қаласы	0,15	0,18	-	-
13	Жақсы	0,25	0,30	0,38	0,62
	соның ішінде:				
	Жақсы ауылы	0,15	0,18	0,22	0,38
14	Жарқайың	0,25	0,30	0,38	0,62
	соның ішінде:				
	Державинск қаласы	0,15	0,18	-	-
15	Зеренді	0,15	0,18	0,15	0,38
	соның ішінде:				
	Зеренді ауылы	0,10	0,12	0,15	0,25
16	Қорғалжын	0,25	0,30	0,38	0,62
	соның ішінде:				
	Қорғалжын ауылы	0,15	0,18	0,22	0,38
17	Сандықтау	0,20	0,24	0,30	0,50
	соның ішінде:				
	Балкашино ауылы	0,10	0,12	0,15	0,25
18	Целиноград	0,10	0,12	0,15	0,25
19	Шортанды	0,15	0,18	0,15	0,38
	соның ішінде:				
	Бозайғыр ауылы	0,10	0,12	0,15	0,25
	Дамса ауылы	0,10	0,12	0,15	0,25
	Шортанды кенті	0,10	0,12	0,15	0,25
20	Бурабай	0,15	0,18	0,15	0,38
	соның ішінде:				
	Щучинск қаласы	0,10	0,12	-	-
	Бурабай кенті	0,10	0,12	0,15	0,25

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК